

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2004 ж. «27» қазіргар заңды тұлғаға
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
ЖҮРГІЗІЛДІ № 1659-1900-АҚ куәлік
Алғашқы тіркелген күні
1994 ж. «18» мамыр

Қазақстан Республикасының қаржы
рыногын және қаржылық ұйымдарды
реттеу мен қатаңдау жөніндегі
агенттігімен келісіліні

" 22 "



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
2005 ж. «4» мамыр Жарғыға
2004 ж. «27» қазіргар № 1659-1900-АҚ
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН
ЖАРАМДЫ
2005 ж. «4» мамыр

ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН
ЖАРАМДЫ
2006 ж. «11» мамыр

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
2006 ж. «11» мамыр Жарғыға
2004 ж. «27» қазіргар № 1659-1900-АҚ
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

"ҚАЗИНВЕСТБАНКІ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Акционерлердің Жалпы
жиналыс шешімімен 10-қараша
2003 жылы бекітілген

1. Ақмола облысы, Шымкент ауданы әкімдігінің әкімінің орынбасарының қолымен
№ 01/2004 года я, Дүйсембаева Р.А.,
республикалық номерного
нотариус, действующий на основании лицензии, выданной
Министерством Юстиции Р.К. № 0000173 от 10 августа 1998 г.
Муриана Дюсалибекова
которая сделана в моем присутствии.
Личность подписавшего документ установлена.

Зарегистрировано в реестре за № 240.
Получено 27.08.2004
Аннотация



Байланып тұрған
мағына
Прощай, 40, пр
на
Нотариус

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛІК БІЛІМІ МЕН ҚАҒАЗАТ АПАРАТЫ
№ _____ ағені, тірілгені ж.
Басылғаны барынша 40
2004 27 қаңтар



Бұл Жарғы әрі қарай «Банк» деп аталатын «Қазинвестбанкі» акционерлік қоғамының құрылтай құжаты болып табылады, ол Банктің құқықтық жағдайын, ұйымдастыру және әрекет ету, қайта құру және тарату тәртібін, акционерлер мен үшінші тұлғалардың құқықтарын, міндеттемелерін, құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарын, Банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттігі мен жауапкершілігін белгілейді.

Бұл Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 31-тамыз 1995 жылғы №2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» Заңына (әрі қарай-банктер туралы Заң), Қазақстан Республикасының 13-мамыр 2003 жылғы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (әрі қарай АҚ туралы Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өңделіп, бекітілген.

I-Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:

- а) мемлекеттік тілде: "Қазинвестбанкі" акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество "Казинвестбанк";
- в) ағылшын тілінде: "Kazinvestbank " Joint Stock Company.

2. Банктің қысқаша атауы:

- а) мемлекеттік тілде: «Қазинвестбанкі» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Казинвестбанк»;
- в) ағылшын тілінде: «Kazinvestbank» JSC.

2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылып, әрекет етеді.

Банк өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаржы тарту мақсатында акция шығаратын қазақстандық заңды тұлға болып табылады. Банктің жеке меншік құқығы бойынша мүлкі бар және сол мүлкімен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің атынан мүлікті және жеке мүлікті емес құқықтар мен міндеттемелерді иеленіп, жүзеге асырады, сотта талапкер және жауап беруші бола алады.

Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының әділет органдарында Банк ретінде заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуге алынуымен және өкілетті мемлекеттік органмен берілген банк операцияларын өткізу лицензиясының болуымен белгіленеді.

2. Банктің ұйымдастыру-құқықтық нысаны-акционерлік қоғам.

3. Банктің меншік нысаны-жеке.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде өзге заңды тұлғалардың жарғы капиталына қатысуға құқылы.

5. Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, сонымен қатар осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Банкпен өңделетін өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

6. Банк акционерлердің Жалпы жиналыс шешімінің негізінде («Казинтербанк» ЖАҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының 25-наурыз 1998 жылғы Хаттамасы) «Қазақстан Интернационалдық Банкі» Жабық акционерлік қоғамынан (бастапқы мемлекеттік тіркелу күні 18-мамыр 1994 жыл) «Қазақстан Интернационалдық банкі» Ашық акционерлік қоғамы болып өзгерді. Банк барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша «Қазақстан Интернационалдық банкі» жабық акционерлік қоғамының акционерлердің Жалпы жиналыс шешімімен бекітілген Тапсыру актіне сәйкес құқылы мирасқоры болып табылады («Казинтербанкі» ЖАҚ акционерлерлерінің жылдық жалпы жиналысының 25-наурыз 1998 жылғы Хаттамасы).

7. Банктің «Қазақстан Интернационалдық Банкі» Ашық акционерлік қоғамынан «Казинвестбанкі» акционерлік қоғамы болып атауын өзгертуі және Банк Жарғысының осы редакциясы АҚ туралы Заң талаптары мен нормаларын орындай отырып, сонымен қатар Банктің атауын Банктің қызмет саласы мен мақсаттарына сәйкестендіру мақсатында орындалған.

3-бап. Банк пен оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өзінің мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.
2. Банк өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және АҚ туралы Заңмен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда өздеріне тән акциялардың құны шегінде Банктің қызметіне қатысты шығындарға кәтерлі болады.
4. Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те банктер туралы Заңмен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда және Банк немесе мемлекет сондай жауапкершілікті өздеріне қабылдаған жағдайларды есепке алмағанда Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Есеп айырысу-касса бөлімдері, филиалдар мен өкілдіктер. Еншілес банктер

1. Банк өкілетті мемлекеттік органның келісімімен заңды тұлға болып табылмайтын және Банктің директорлар Кеңесімен бекітілген ережелердің негізінде әрекет ететін есеп айырысу-касса бөлімдерін құрады.
2. Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Банк өкілетті мемлекеттік органның келісімімен Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы. Банктің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және Банктің атынан Банктің Директорлар Кеңесімен бекітілетін өздері туралы ережелердің негізінде әрекет етеді.
3. Филиалдар мен өкілдіктердің басқарушы жұмыскерлері Банк Басқармасының Төрағасымен өкілетті мемлекеттік органның келісі бойынша тағайындалады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Банкпен берілетін сенімхаттардың негізінде әрекет етеді.
4. Банк өкілетті мемлекеттік органның келісімімен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде өзінің еншілес банктерін құра алады. Еншілес болып жарғы капиталының елу процентінен астамы Банктің иелігінде болатын екінші деңгейдегі банк табылады.
5. Есеп айырысу-касса бөлімдері, Банктің филиалдары мен өкілдіктері және еншілес банктері Қазақстан Республикасының және олар орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылып, жабылады. Сонымен қатар есеп-кассалық бөлімшелері тек Банктің өзі немесе оның филиалы орналасқан әкімшілік-аумақтық бөліністің (облысының) шегінде ашылады.

5-бап. Банктің деректемелері

1. Банктің мөрі, бланкілері, эмблемалары мен қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де деректемелері бар.
2. Банктің деректемелері Банктің бір немесе одан да көп жұмыс тілдерінде ресімделеді.

6-бап. Банктің орналасқан жері

Банктің орналасқан жері болып Банк Басқармасының орналасқан жері табылады: Қазақстан Республикасы, 480072, Алматы қ-сы, Сейфуллин д-лы, 597.

II-Тарау. Банктің қызметі

7-бап. Банк қызметінің мақсаты, түрлері және мерзімдері

1. Банк қызметінің мақсаты табыс табу болып табылады.
2. Банк өкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.
3. Банк өкілетті мемлекеттік органмен берілген лицензия бар болған жағдайда Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бағалы қағаздардың рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырады.
4. Банк банктік операцияларды ұлттық валютада, сонымен қатар өкілетті мемлекеттік органның шетел валютасындағы банк операцияларын өткізуге берген лицензиясы бар болған жағдайда шетел валютасында жүзеге асырады.
5. Банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылып жүрген заңдармен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға өкілетті органдардың (лицензиарлардың) арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болған жағдайда Банк сол қызмет түрін сәйкес рұқсатты (лицензия, сертификат) алғаннан кейін ғана және соған сәйкес жүзеге асырады.

6. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

III-Тарау. Банктің мүлкі мен капиталы

8-бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі оған жеке меншік құқығы бойынша тән болады.
2. Банктің мүлкі төмендегілердің есебінен құрылады:
 - а) акционерлердің жарғы капиталына салған салымдары;
 - б) қызметінің нәтижесінде алған табыстары;
 - в) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де негіздер бойынша иеленген мүлкі.

9-бап. Банктің жарғы және жеке меншік капиталы

1. Банктің жарғы капиталы қызметін қамтамасыз ету үшін акционерлердің номиналды құны бойынша акцияларды төлеу жолымен және АҚ туралы Заң талаптарына сәйкес белгіленген орнықтыру бағасы бойынша акцияларды инвесторларға сату жолымен құрылады.
2. Банктің жарғы капиталы 1 000 000 000 теңге мөлшерінде құрылған (төленген).
3. Акционерлердің жарғы капиталына салған салымдары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ғана ақшадан банктер туралы Заңға сәйкес тұрады.
4. Банк өзінің акцияларын құжатсыз түрде шығаруды жүзеге асырады. Акционерлердің реестрін жүргізуді дербес тіркеуші жүзеге асырады (дербес тіркеушілер).
5. Акционерлер жарғы капиталына салатын салым бөлігін Банкпен белгіленген мерзімде салмайтын болса, олар Банкке төленбеген бөлік сомасына тұрақсыздық айыппұлдын төлеуге міндетті. Тұрақсыздық айыппұлдың мөлшері Ұлттық банкімен белгіленген қайта қаржыландыру ставкасына орай есептеледі.
6. Акционерді акция төлемінің міндеттемесінен босатуға рұқсат етілмейді, сонымен қатар Банкке қатысты талаптарды есепке алу жолымен де.
7. Банктің жеке меншік капиталы-актив құны Банктің бастапқы активтерінің құнынан берілген займдар мен өзге де активтер бойынша қажетті резерв (провизия) сомасын шегеру жолымен есептелетін Банктің міндеттеме сомаларын шегеріп тастағандағы активтерінің құны. Бұл жағдайда Банк міндеттемелерінің сомасы активтерінің құнынан асатын болса, Банктің капиталы теріс болып табылады.

10-бап. Банктің жарғы капиталын өзгерту

1. Жарғы капиталын өзгерту жарғы капиталын ұлғайту жолымен жүргізіледі.
2. Банктің Жарғы капиталын ұлғайту акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе АҚ туралы Заңға сәйкес соттың шешімі бойынша акцияларды шығару және орнықтыру жолымен жүргізіледі.

11-бап. Банктің акциялары, облигациялары. Банктің бағалы қағаздарын орнықтыру талаптары

1. Акция болып Банкпен шығарылатын және оның түрі мен категориясына орай акционерлердің келесі құқықтарын куәландыратын бағалы қағазы табылады:
 - а) дивиденд алуға;
 - б) АҚ туралы заңмен өзгесі қарастырылмаған болса, Банкті басқаруға қатысу;
 - в) таратылғаннан кейін қалатын Банк мүлігінің бір бөлігіне.
2. Акциялардың құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.
3. Акция бөлінбейді. Бір акция бірнеше тұлғаға тән болған жағдайда олар Банкке қатысты бір акционер болып танылады және өздерінің құқықтарын ортақ өкіл арқылы жүзеге асырады.
4. Акция ұстаушылардың реестрін құру, жүргізу және сақтау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.
5. Банк жәй атаулы акцияларды шығаруды жүзеге асырады. Банктің жарияланған акцияларының саны 45 000 000 (қырық бес миллион) акцияны құрайды.

6. Банк өзінің акцияларын аукциондар өткізу жолымен немесе олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуге алынғаннан кейін жазылу жолымен орнықтыруға құқылы.

7. Банкпен жазылу жолымен орнықтырылатын акциялар директорлар Кеңесімен белгіленген барлық тұлғаларға бірыңғай орнықтыру бағасы бойынша сатылуға тиіс.

8. Қосымша қаражаттарды тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың рыногы туралы Заңына сәйкес облигацияларды және туынды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

9. Облигацияларды, варранттарды және туынды бағалы қағаздардың түрлерін шығару талаптары мен тәртібі, олар бойынша табыс төлеу, өтеу және оларды өткізуден түскен қаражаттарды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың рыногы туралы Заңымен белгіленеді.

12-бап. Банктің бағалы қағаздарының кепілдігі

1. Банктің акционерлері өздеріне тән акцияларды кепілдікке беруге құқылы.

2. Банктің акционері кепіл талаптары бойынша өзгесі қарастырылмаған болса, акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс құқығына және салған акциялары бойынша дивиденд алуға құқылы.

3. Банк төмендегі жағдайларда ғана шығарылған бағалы қағаздарын кепілдікке қабылдауға құқылы:

а) кепілдікке берілетін акциялары толығымен төленген болса;

б) Банкке кепілдікке берілетін және қазіргі кезде кепілдікте жатқан бағалы қағаздардың жалпы саны Банкпен бағалы қағаздардың екінші рыногында сатып алынған акцияларды есепке алмағанда Банктің орнықтырылған акцияларының көп дегенде 25 процентін құрайтын болса;

в) кепіл туралы шарт Банктің директорлар Кеңесімен мақұлданған болса.

13-бап. Таза табысты бөлу тәртібі

1. Банктің таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Банктің сақтық капиталын құруға (толықтыруға) бағытталады, акционерлердің арасында дивиденд түрінде бөлінеді, сонымен қатар Банкті дамытуға немесе акционерлердің Жалпы жиналыс шешімімен қарастырылған өзге де мақсаттарға бағыттала алады.

2. Банктің сақтық капиталы Банктің таза табысының есебінен оларды дивиденд түрінде бөлуге немесе өзге де мақсаттарда пайдалануға қатысты біріншілік тәртіпте құрылады (толықтырылады).

3. Банк салықтар мен бюджетке төленетін өзге де төлемдерді төлегеннен кейін қалатын таза табыстың белгілі бір процентін лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің арасында ақшалай сыйақы немесе акция түрінде тарату үшін бөлуге құқылы.

14-бап. Банктің сақтық капиталы мен қорлары

1. Банктің қызметі барысында немесе соған байланысты туындаған шығындарын өтеу үшін Банк өкілетті мемлекеттік органмен белгіленген минималды мөлшерден төмен болмайтын мөлшерде сақтық капиталын құрады.

2. Сақтық капиталы Банктің таза табысынан жыл сайын сома аудару жолымен құрылады (толықтырылады). Ондай сома аударымдарының мөлшері Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен белгіленеді.

3. Сақтық капиталын пайдалану тәртібі Банктің директорлар Кеңесімен белгіленеді.

4. Банк өзінің таза табыс есебінен Банкті дамыту қорын құрады және оны өндірістік және әлеуметтік тұрғыда дамуға пайдаланады.

5. Банк күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша провизия қорын және негізгі қаражаттарды қайта бағалау қорын құрады және көрсетілген қорларды Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте пайдаланады.

6. Директорлар Кеңесінің және Банк Басқармасының шешімдерімен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мақсатты және өзге де арнайы қорлар құрыла алады.

15-бап. Банк акциялары бойынша дивидендтер

1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді, бірақ дивиденд төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы

жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданған болуы керек.

Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивиденд төлеуге ондай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және шығарылған облигацияларымен акционердің жазбаша келісімімен жүзеге асырылатын болса ғана рұқсат етіледі.

Дивиденд алуға құқы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлемі басталатын күннің алдындағы күні құрастырылуға тиіс.

2. Банктің акциялары бойынша дивиденд төлеу жиілігі акция шығарылымының проспектісімен белгіленеді.

3. Банктің акциялары бойынша дивиденд төлеу төлем агенті арқылы жүзеге асырылады. Төлем агентінің қызмет ақысы Банктің есебінен жүргізіледі.

4. Орнықтырылмаған немесе банктің өзімен шығарылған акциялар бойынша дивиденд есептелмейді және төленбейді.

5. Банктің жәй акциялары бойынша дивиденд төлеуге рұқсат етілмейді, егер:

1) жеке меншік капиталы теріс болған жағдайда немесе Банктің жеке меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденд төлеу нәтижесінде теріс болып қалған жағдайда;

2) Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігінің немесе қабілетсіздік белгілеріне жауап беретін болса немесе көрсетілген белгілер Банкте акциялары бойынша дивиденд төлеу нәтижесінде пайда болатын болса;

3) Сотпен немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылданған болса;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленетін өзге де жағдайларда.

6. Акционер Банктің қарызының құрылу мерзіміне қарамастан алмаған дивидендтерінің төлемін талап етуге құқылы.

Дивидендтерді белгіленген төлем мерзімінде төлемеген жағдайда Акционерге негізгі дивиденд сомасына қоса Ұлтық банкімен ақша міндеттемесін немесе оның бір бөлігін орындайтын күні белгіленген қайта қаржыландыру ставкасына орай есептелетін өсімақы төленеді.

7. Банктің жәй акциялары бойынша тоқсанның немесе жарты жылдың нәтижелері бойынша дивиденд төлеу директорлар Кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырыла алады.

Банктің жәй акциялары бойынша жыл нәтижелері бойынша дивиденд төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық Жалпы жиналысымен қабылданады.

Банктің көрсетілген органдары Банктің жәй акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы және ондай шешімді қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде баспа басылымында ол туралы міндетті түрде жариялау керек.

8. Банктің жәй акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол шешім баспа басылымдарында жариялануға тиіс.

9. Банктің жәй акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімде АҚ туралы Заңның талаптарына сәйкес мәліметтер болуы керек.

IV-Тарау. Банктің акционерлері.

16-бап. Банктің акционерлері

1. Банктің акционерлері болып заңды және жеке тұлғалар табылады.
2. Банк акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді.

17-бап. Банк акционерлерінің құқықтары

1. Банк Акционерлерінің құқықтары:
 - а) АҚ туралы Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысу;
 - б) дивиденд алу;
 - в) Банктің қызметі туралы мәліметтер алу, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Банктің қаржы есебімен танысу;
 - г) Банктің бағалы қағаздарына қатысты тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан жеке меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алу;

д) Акционерлердің Жалпы жиналысына Банктің директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсыну;

е) сот тәртібінде Банктің органдарымен қабылданған шешімдерді даулау;

ж) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраныс жасау және Банкке сұраныс келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауап алу;

з) Банкті таратқан кезде мүліктің бір бөлігіне;

и) АҚ туралы Заңмен және өкілетті органмен белгіленген тәртіпте акцияларға конверсияланатын акцияларды немесе Банктің өзге де бағалы қағаздарын сатып алудың артықшылық құқығы;

к) бір немесе бірнеше аффиждалған тұлғалар ұсыныс жарияланған күннен бастап 30 күннің ішінде Банктің дауыс беруші акцияларының 30 және одан да көп процентін сатып алған болса, Банкке тән акцияларды сату туралы ұсынысты қабылдау және сот тәртібінде осы ұсынысты жариялаған тұлғаның жарияланған бағада ұсынылған акцияны сатып алудан бас тартуын сот тәртібінде даулау;

л) Банктен АҚ туралы Заңмен белгіленген жағдайда және тәртіпте акцияларды сатып алуды талап ету;

м) өздеріне тән Банктің акцияларын өзге акционерлердің немесе Банктің келісімінсіз АҚ туралы Заңмен белгіленген тәртіпте шеттету.

2. Банктің ірі акционерлерінің сондай-ақ келесі құқықтары бар:

а) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда талап арызбан сотқа жүгіну;

б) директорлар Кеңесіне АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсыну;

в) директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

г) аудиторлық ұйыммен өзінің есебінен Банктің аудитін өткізуді талап ету.

Акционерлердің АҚ туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және осы Жарғымен қарастырылған өзге де құқықтары болуы мүмкін.

18-бап. Банк акционерлерінің міндеттері

Банк акционерлерінің міндеттері:

а) акцияларды төлеу;

б) он күннің ішінде тіркеушіні немесе сол акционерлерге тән акциялардың номиналды ұстаушысын Банк акцияларын ұстаушыларының реестрін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарландыру;

в) Банк пен оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау;

г) өкілетті органның талабы бойынша құрылтай құжаттарын және басқа банктің ірі қатысушыларымен олардың қаржылық жағдайын анықтауына қажетті ақпаратты ұсыну;

д) АҚ туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындау.

V-Тарау. Банктің органдары. Банктің органдарын құру тәртібі, құзіреті және қызметін ұйымдастыру тәртібі

19-бап. Банктің органдары

1. Банктің органдары:

а) жоғарғы орган-акционерлердің Жалпы жиналысы;

б) басқару органы-Директорлар Кеңесі;

в) атқарушы орган-Басқарманың Төрағасымен басқарылатын Басқарма.

2. Банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де органдарды, сонымен қатар ішкі аудит қызметін құра алады.

20-бап. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы

1. Акционерлердің Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржы есебі бекітіледі. Банктің өткен қаржы жылындағы таза табысының бөлініс тәртібі мен Банктің бір жәй акциясына қатысты дивиденд мөлшері белгіленеді. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналыс шешімдерін қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының күзіретіне жатқызылған өзге де сұрақтарды қарастыруға құқылы.

3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуге тиіс. Көрсетілген мерзім Банктің аудитін есеп беру кезеңінде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

21-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының күзіреті

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше күзіретіне келесі сұрақтар жатады:

а) Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

б) Банкті ерікті қайта құру және тарату;

в) Банктің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау; директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, директорлар Кеңесінің Төрағасын сайлау, сонымен қатар директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін және төлеу талаптарын белгілеу;

д) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

е) жылдық қаржы есебін бекіту;

ж) Банктің есеп беру қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін белгілеу, жәй акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жәй акциясына қатысты жыл нәтижесі бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;

з) АҚ туралы Заңмен қарастырылған жағдайлар туындаған жағдайда Банктің акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;

и) Банктің өзіне тән активтерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы таза активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

к) Банктің ірі мәмілелерді және Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасауы туралы шешімдерді бекіту;

л) Банктің міндеттемелерін жеке меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;

м) Банктің акционерлерді акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарландыру нысанын белгілеу және ондай мәліметтерді баспа басылымында орнықтыру туралы шешім қабылдау;

н) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың рыногы туралы заңдарына сәйкес Банкпен сатып алынатын кезде акциялардың құнын белгілеу әдісін бекіту;

о) акционерлердің Жалпы жиналысының күнтәртібін бекіту;

п) акционерлерге Банктің қызметі туралы мәліметтер ұсыну тәртібін белгілеу, сонымен қатар баспа басылымын белгілеу;

р) АҚ туралы Заң бойынша шешімдерін қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше күзіретіне жатқызылған өзге де сұрақтар.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысының осы баптың 1-тармағының а), б) және в) тармақшаларында көрсетілген сұрақтары бойынша шешімдері Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының өзге де сұрақтары бойынша шешімдері АҚ туралы Заңмен өзгесі белгіленгенбеген болса, дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

3. АҚ туралы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен өзгесі қарастырылмаған болса, банктің өзге органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің күзіретіне шешімдері акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше күзіретіне жатқызылған сұрақтарды беруге рұқсат етілмейді.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Банктің өзге органдарының кез-келген шешімін ауыстыруға құқылы.

22-бап. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі

1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы директорлар Кеңесімен шақырылады.
2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы төмендегілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) директорлар Кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

Ерікті тарату барысындағы Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің тарату комиссиясымен шақырала алады, дайындалып, өткізіле алады.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырыла алады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді төмендегілер жүзеге асырады:

- 1) Банктің Басқармасы;
- 2) Жасалған шартқа сәйкес – Банктің тіркеушісі;
- 3) Директорлар Кеңесі;
- 4) Банктің тарату комиссиясы.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын АҚ туралы Заңмен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда Банк көтереді.

5. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Банк органдары акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез-келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізіле алады.

Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің органдары Банктің ірі акционерінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талаптарын орындамаған жағдайда сол ірі акционердің талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізіле алады.

23-бап. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын ірі акционердің талап етуі бойынша шақыру ерекшеліктері

1. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесіне Банк Басқармасының орналасқан жеріне сәйкес жазбаша хабарландыруды жолдау жолымен ұсынылады, ол хабарламада сондай жиналыстың күнтізбесі көрсетілуге тиіс.

2. Директорлар Кеңесі көрсетілген талапты алғаннан кейін он күннің ішінде шешім қабылдап, талапты ұсынған тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысының шақырылатындығы туралы хабарламаны жолдауға міндетті. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы ұсынылған талапқа сәйкес шақырылған жағдайда директорлар Кеңесі Жалпы жиналыстың күнтізбесін өзінің қарауы бойынша кез-келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

24-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі

1. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі Банктің тіркеушісімен Банктің акция ұстаушылары реестрінің деректері негізінде құрастырылады. Көрсетілген тізімді құрастыру күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгілене алмайды.

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтер өкілетті органмен белгіленеді.

2. Тізімді құрастырғаннан кейін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға өзіне тән Банктің дауыс беруші акцияларын шеттеткен жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл жағдайда акцияларға қатысты жеке меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуға тиіс.

25-бап. Жалпы жиналысты өткізетін күн, уақыт және жер

1. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізетін күн мен уақыт жиналысқа оған қатысуға құқы бар тұлғалардың көп бөлігі қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Банк Басқармасының орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуге тиіс.

2. Жиналыстың қатысушыларын тіркеуді бастайтын уақыт мен жиналысты өткізетін уақыт Банктің санақ комиссиясына (жиналыстың хатшысына) тіркеуді өткізуге, жиналыстың қатысушылары санының санағын жүргізуге және қворумның бар-жоқтығын анықтауға қажетті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

26-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат

1. Акционерлер алда болатын Жалпы жиналыстың өткізілетіндігі туралы алдын-ала отыз күнтізбе күнінен кешіктірмей хабарландырылуға тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналысты өткізетін күнге дейін қырық бес күнтізбе күнінен кешіктірмей хабарландырылуға тиіс.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы АҚ туралы Заңға сәйкес мәліметтер енгізілген хабарландыру баспа басылымында жариялануға тиіс және (немесе) жазбаша хабарландыру жолдау жолымен акционерге хабарлануға тиіс.

Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнің есебі баспа басылымында хабарландыруды жариялаған күннен немесе пошта жөнелтілімін жолдаған күннен бастап жүргізіледі.

27-бап. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы

1. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізу бастапқы акционерлердің Жалпы жиналысын (болмай қалған) өткізуге белгіленген күннің ертесінен ерте белгілене алмайды.

2. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы болуға тиісті болған жерде өткізілуі тиіс.

3. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күнтізбесі болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінен өзгешеленбеуі керек.

28-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының Күнтізбесі

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесін директорлар Кеңесі құрады және онда талқылауға шығарылатын сұрақтардың нақты пайымдалған толық тізімі болуға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесі ірі акционермен немесе директорлар Кеңесімен толықтырыла алады, бірақ Банктің акционерлері осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналысты өткізгенге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарландырылуы керек.

2. Келіп қатысу тәртібінде өткізіліп жатқан Акционерлердің Жалпы жиналысын ашатын кезде Директорлар Кеңесі күнтізбесін өзгертуге қатысты келіп түскен ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесін бекіту жиналысқа ұсынылған Банктің дауыс беруші акциялары жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

4. Күнтізбесіне акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және бірігін Банктің дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес процентіне иелік ететін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс беретін болса өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізіле алады.

Акционерлердің Жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

5. Акционерлердің Жалпы жиналысы күнтізбесіне енгізілмеген сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқы жоқ.

29-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінің сұрақтары бойынша материалдар

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінің сұрақтары бойынша материалдарда осы сұрақтар бойынша негізгі шешім қабылдауға қажетті көлемдегі мәліметтер болуы керек.

2. Банктің органдарын сайлау сұрақтары бойынша материалдарда АҚ туралы Заң талаптарына сәйкес белгіленген мәліметтер болуы керек.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінің сұрақтары бойынша материалдарда АҚ туралы Заңға сәйкес мәліметтер болуы керек.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінің сұрақтары бойынша материалдар акционерлердің танысуына жиналысты өткізетін күнге дейін он күннен кешіктірмей дайын болуы керек.

30-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы

1. Акционерлердің Жалпы жиналысы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталатын сәтте акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер мен олардың өкілдері тіркелетін болса, сонымен қатар Банктің дауыс беруші акцияларының бірігіп елу және одан да көп процентіне иелік ететін, жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар жаңа акционерлер тіркелетін болса, күнтізбесінің сұрақтарын қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Болмай қалғанның орнына өткізілетін акционерлердің қайтамала Жалпы жиналысы күнтізбесінің сұрақтарын қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның жоқтығына байланысты болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі орындалған болса;

2) тіркеу аяқталатын сәтте оған қатысуға Банктің дауыс беруші акцияларының қырық және одан да көп процентіне иелік ететін акционерлер (немесе олардың өкілдері), сонымен қатар сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.

3. Акционерлерге сырттай дауыс беру бюллетендері жолданған жағдайда көрсетілген бюллетендермен ұсынылған және Жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркейтін сәтте Банспен алынған дауыстар кворумды есептеу кезінде және дауыс беру нәтижелерін шығаратын кезде есепке алынады.

Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы өткізілмейді.

31-бап. Санақ комиссиясы (жиналыстың хатшысы)

1. Банк акционерлерінің саны жүзден кем болып қалса, санақ комиссиясының функцияларын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. АҚ туралы Заңмен санақ комиссиясының кандидаттарына қатысты қойылатын талаптар сәйкесінше жиналыстың хатшысына қатысты да қолданылады.

2. Санақ комиссиясы (жиналыстың хатшысы):

а) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттігін тексереді;

б) акционерлердің Жалпы жиналысының қатысушыларын тіркейді және оларға акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінің сұрақтары бойынша материалдарды береді.

в) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендердің шынайылығын тексереді және шынайы бюллетендердің санын және онда көрсетілген күнтізбесінің әрбір сұрағы бойынша дауыстарды есептейді;

г) Акционерлердің Жалпы жиналысында кворумның бар-жоқтығын анықтайды, сонымен қатар жиналысты өткізетін уақыт ішінде анықтайды және кворумның бар екендігі немесе жоқ екендігі туралы жариялайды.

д) акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру сұрақтарын түсіндіреді;

е) акционерлердің Жалпы жиналысында қарастырылған сұрақтар бойынша дауыстарды есептейді және дауыс берудің қорытындыларын шығарады;

ж) акционерлердің Жалпы жиналысындағы дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы құрастырады.

з) Банктің мұрағатына дауыс беруге арналған бюллетендерді және дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы береді.

3. Санақ комиссиясы (жиналыстың хатшысы) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетендердегі мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

32-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысында өкілдік ету

1. Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Банктің лауазымды тұлғалары акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөйлеуге құқылы.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге және оның мүдделерін танытуға құқы бар тұлғалар үшін Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу үшін және қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруі үшін сенімхат талап етілмейді.

33-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі

1. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі АҚ туралы Заңға, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарына немесе тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес белгіленеді.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлердің (өкілдерінің) тіркеуі жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуға тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворум анықтау кезінде санакка алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқы жоқ.

Осы Жарғымен немесе келіп дауыс беру түрінде өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерімен өзгесі белгіленбегендіктен оған шақыртусыз өзге тұлғалар да қатыса алады. Ондай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы осы Жарғымен немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерімен белгіленеді.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы тіркеліп қойған барлық акционерлер жиналыстың уақытын өзгерту туралы хабарландырылып, оған қарсылық білдірмеген жағдайларды есепке алмағанда жарияланған уақытынан ерте ашыла алмайды.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасы мен (президиум) хатшысын сайлайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру нысанын белгілейді-ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша). Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс берген кезде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысушылардың жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Басқарманың мүшелері АҚ туралы Заңмен белгіленген жағдайларды есепке алмағанда акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

5. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы дауыс беруге қарастырылатын сұрақ бойынша пікірталастарды аяқтау туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты шығаруға құқылы.

Төраға күнтізбесінің сұрақтарын талқылауға қатысуға құқы бар тұлғалардың сөздеріне кедергі келтіруге құқы жоқ, бірақ ондай сөйленетін сөздер акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға алып келетін немесе осы сұрақ бойынша пікірталастар тоқтатылған жағдайлар бұл есепке кірмейді.

6. Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысы күнтізбесінің жеке сұрақтарын келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Акционерлердің Жалпы жиналысы күнтізбесінің барлық сұрақтарын қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

8. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толыққандылығына және шынайылығына жауап береді.

34-бап. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауы

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру өткізу жолымен қабылдана алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбей-ақ қолданыла алады.

2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетендері акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (таратылады).

Банк акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беру бюллетендерін жеке акционерлерге таңдамалы түрде жолдауға құқы жоқ.

3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізетін күнге дейін қырық бес күннен кешіктірмей жолдануға тиіс.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде АҚ туралы Заңға сәйкес мәліметтер болуы кекрек.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге жеке тұлға-акционер өзінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Акционер-заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қолын қойып, заңды тұлғаның мөрімен бекітуге тиіс.

Акционер-жеке тұлғаның немесе акционер-заңды тұлғаның қолы қойылмаған бюллетень, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетень күші жоқ болып есептеледі.

Дауыс санағына акционермен дауыс санағы кезінде бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібі орындалған және мүмкін болатын нұсқалардың біреуі ғана белгіленген сұрақтар бойынша ғана дауыстар есепке алынады.

6. Сырттай дауыс беру бюллетенін алдын-ала жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына келіп қатысқан жағдайда оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысын анықтайтын кезде есепке алынбайды және күнтізбесінің сұрақтары бойынша дауыс санағына қатыспайды.

35-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру

1. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция-бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады, бірақ төмендегі жағдайлар есепке алынбайды:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстар максималды санмен шектелген жағдайда;

2) Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлайтын кезде кумулятивті дауыс беру кезінде;

3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің процедуралық сұрақтары бойынша бір-бір дауыстен ұсынылған жағдайда.

2. Кумулятивті дауыс беру кезінде акциялар бойынша ұсынылатын дауыстарын акционер толығымен директорлар Кеңесінің бір кандидатына бере алады немесе оны директорлар Кеңесінің бірнеше кандидаттарының арасында бөле алады. Директорлар Кеңесіне сайланғандар болып ең көп дауыс саны берілген кандидаттар мойындалады.

3. Келіп қатысу тәртібінде өткізетін акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құпия әдіспен жүзеге асырылған жағдайда ондай дауыс беруге арналған бюллетендер құпия әдіспен дауыс беру жүзеге асырылатын әрбір жеке сұрақ бойынша құрастырылуға тиіс және АҚ туралы Заң талаптарына сәйкес мәліметтерді қамтуға тиіс.

4. Келіп құпия дауыс беру бюллетендеріне акционер қолын қоймайды, бірақ акционердің өзі бюллетенге қол қоюға ниет білдірген жағдайлар, сонымен қатар АҚ туралы Заңға сәйкес өзіне тән акцияларды сатып алу туралы талапты Банкке ұсыну мақсатында қойылған жағдайлар бұл есепке кірмейді.

Келіп құпия дауыс беру бюллетендері бойынша дауыс берушінің дауыс санағы кезінде бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібі орындалған және мүмкін болатын нұсқалардың біреуі ғана белгіленген сұрақтар бойынша ғана дауыстар есепке алынады.

5. Дауыс беру нәтижелері дауыс беру өткізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады.

6. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелері немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге оларды баспа басылымында жариялау жолымен немесе әрбір акционерге акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде жазбаша хабарландыру жолдау жолымен хабарланады.

7. Дауыс беру нәтижелері бойынша санақ комиссиясы (жиналыстың хатшысы) дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы құрастырып, оған қолын қояды, оған дауыс беруге шығарылған сұрақтар бойынша акционерлердің ерекше пікірлерін жазады (бар болған жағдайда), толтырылған келіп құпия және сырттай дауыс беруге арналған бюллетендермен

бірге тігеді (сонымен қатар күші жоқ деп мойындалғандармен бірге), акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасымен бірге тігеді және оны Банктің мұрағатына өткізеді.

36-бап. Акционерлердің Жалпы жиналыс хаттамасы

1. Акционерлердің Жалпы жиналыс хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құрастырылып, қол қойылуға тиіс. Хаттамада АҚ туралы Заң талаптарына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

2. Акционерлердің Жалпы жиналыс хаттамасына төмендегілер қол қоюға тиіс:

1) акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы;

2) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп процентіне иелік ететін және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын акционерлер (олардың өкілдері).

Хаттаманың мазмұнына келіспеген жағдайда көрсетілген тұлғалар оған қол қоядан бас тартуға және бас тартудың себептерін жазбаша түсіндіреді, ол хаттамаға тіркеледі.

3. Акционерлердің Жалпы жиналыс хаттамасы дауыс беру нәтижелері туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығының, сонымен қатар хаттамаға қол қою сенімхаттарымен және хаттамаға қол қоядан бас тарту туралы жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Банктің Басқармасымен сақталады және акционерлердің танытуына кез-келген уақытта ұсынылады. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттама көшірмесі беріледі.

37-бап. Банктің директорлар Кеңесі

1. Директорлар Кеңесі Банк қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады, бірақ АҚ туралы Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше күзіретіне жатқызылған сұрақтардың шешімі бұл есепке кірмейді.

Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелері лауазымға өкілетті мемлекеттік органның келісімімен тағайындалады (сайланады). Директорлар Кеңесі мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Жарғымен белгіленген талаптарға сәйкестігі өкілетті мемлекеттік органның Біліктілік комиссиясымен белгіленеді.

38-бап. Директорлар Кеңесінің күзіреті

1. Директорлар Кеңесінің ерекше күзіретіне келесі сұрақтар жатады:

а) Банк қызметінің біріншілік бағыттараны белгілеу;

б) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

в) Банктің акцияларын орнықтыру туралы және жарияланған акциялардың саны шегінде оларды орнықтыру бағасы туралы шешім қабылдау;

г) Банктің орнықтырылған акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

д) Банктің жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;

